

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

---

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Директорлар кеңесінің шешімімен

(2021 жылдың 06 мамырындағы  
№ 23 отырыс хаттамасы)

**б е к і т і л д і**

2021 жылдың 11 мамырынан бастап

**қолданысқа енгізілді**

## Бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашыларының ақпараттар ашуына мониторингті жүзеге асырудың **ТӘРТІБІ**

---

---

Алматы қ.

2021

**Бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашыларының ақпараттар ашуына  
мониторингті жүзеге асырудың тәртібі**

Осы Тәртіп Қазақстан Республикасының заңнамасына және "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген және осы бағалы қағаздар Биржаның ресми тізімінде болған уақытта бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашыларының ақпараттар ашуына мониторингті жүзеге асыру тәртібін анықтайды.

**1 бап. Жалпы қағидалар**

1. Осы Тәртіпте пайдаланылатын ұғымдар мен шартты белгілер Қазақстан Республикасының заңнамасында, Листингілік ережелеріде және Бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашыларымен ақпараттар ашуының ережелерінде (бұдан әрі – Ережелер) белгіленген ұғымдар мен шартты белгілерге ұқсас.
2. Рұқсаттама бастамашысы Биржаға Ережелердің 1 қосымшасында көрсетілген мерзімді есеп берушілікті және/немесе ағымдағы қызмет туралы құжаттарды (ақпаратты) (бұдан әрі – Ақпарат) Ережелерде белгіленген мерзімде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Биржаның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес беруді жүзеге асырады.
3. Биржа Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес ақпараттың толық және уақтылы берілуін бақылау мақсатында бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашыларының ақпараттар ашуына мониторингті (бұдан әрі – Мониторинг) жүзеге асырады.
4. Рұқсаттама бастамашысының ақпаратты ашуы Ережелерге сәйкес is2in жүйесі арқылы жүзеге асырылады.
5. Рұқсаттама бастамашысы рұқсаттама бастамашысы үшін бөлінген биржа интернет-ресурсының арнайы бөлімі (бұдан әрі – арнайы бөлім) арқылы is2in жүйесін пайдаланады.

**2 бап. Рұқсаттама бастамашыларының Ақпараттар ашуына мониторинг**

1. Мониторингті Биржаның келесі бөлімшелері жүзеге асырады:
  - 1) негізгі функцияларының бірі ақпаратты ашу мониторингі болып табылатын, Биржа бөлімшесі (бұдан әрі – Мониторинг бөлімшесі);
  - 2) негізгі функциясы Биржаның интернет-ресурсында ақпараттық хабарламаларды жариялау болып табылатын, Биржа бөлімшесі (бұдан әрі – Жаңалықтар бөлімшесі).
2. Мониторинг бөлімшесі барлық келіп түскен Ақпараттың Мониторингін жүзеге асырады, ал жаңалықтар бөлімшесі рұқсаттама бастамашыларына, эмитенттерге және олардың бағалы қағаздарына қатысты жаңалықтар бөлігінде ғана қосымша мониторингті жүзеге асырады.
3. Мониторинг бөлімшесі Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген ақпаратты ашу мерзімдерін бақылайды.
4. Мониторингті жүзеге асыру кезінде Биржа ақпаратты келесі тұрғыдан тексереді:
  - 1) Ақпаратты ұсыну тәсілі;
  - 2) Ақпаратты уақтылы ұсыну;
  - 3) Ақпараттың толықтығы;
  - 4) Ақпараттың дұрыс ресімделуі;
  - 5) ақпаратта Елеулі қателердің, қате басылулардың және дәлсіздіктердің болуы (болмауы);
  - 6) Ақпарат мазмұнының шынайылығын.

**Бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашыларының ақпараттар ашуына  
мониторингті жүзеге асырудың тәртібі**

5. Ақпаратты оны ұсыну тәсілі бөлігінде тексеру кезінде Биржа ақпараттың биржаға is2ip жүйесі арқылы (арнайы Бөлім арқылы) немесе Биржаның ережелерінде және өзге ішкі құжаттарында белгіленген рұқсат етілген өзге тәсілдермен ұсынылуын тексереді.
6. Ақпаратты уақтылы ұсыну бөлігінде тексеру кезінде Биржа осы ұсыну уақытының Биржаның ережелерінде және өзге ішкі құжаттарында белгіленген мерзімдерге сәйкестігін тексереді.
7. Биржа Ақпараттың толықтығы мен ресімдеудің дұрыстығы бөлігінде тексеру кезінде ақпараттың Биржаның қағидаларында және өзге ішкі құжаттарында белгіленген талаптарға, Биржаға берілуі тиіс құжаттар мен өзге де материалдардың мазмұны бойынша сәйкестігін тексереді.
8. Ақпаратты ондағы қателердің, қате басылулардың және дәлсіздіктердің болуы (болмауы) бөлігінде тексеру кезінде Биржа ақпаратта ақпарат пайдаланушыларды жаңылыстыруға қабілетті қателердің, қате басылулардың және дәлсіздіктердің болуын (болмауын) тексереді.
9. Ақпаратты оның дұрыстығы бөлігінде тексеру кезінде Биржа ішінара және шектеулі түрде, өзінің мүмкіндіктері мен құзыреті шеңберінде Ақпаратты ақпараттың жекелеген элементтері арасындағы айқын сәйкессіздіктер мен қайшылықтардың болуы тұрғысынан, сондай-ақ басқа көздерден, ең алдымен бұқаралық ақпарат құралдарынан Биржаға қолжетімді ақпарат пен ашық сипаттағы мәліметтер арасындағы айқын сәйкессіздіктер мен қайшылықтар тұрғысынан тексереді.
10. Мониторинг келесі ұйымдастырушылық негізде жүзеге асырылады:
  - 1) Ақпарат түсуіне қарай қос бақылау қағидатын сақтау мақсатында екі кезеңдік тексеру процедурасынан өтеді;
  - 2) рұқсаттама бастамашысының электрондық мекен-жайына ұсынылған ақпаратты тексерудің әрбір кезеңі аяқталғаннан кейін осы ақпараттың мәртебесі туралы хабарлама ("Тексерілді", "Пысықтауды талап етеді", "Қабылданбады", "Жариялауға жіберілді") жіберіледі, ол сондай-ақ Арнайы бөлімде көрсетіледі және тиісті мәртебе берген, Биржа қызметкерінің тегі мен аты көрсетіледі;
  - 3) Ақпараттың осындай ақпараттарға қолданылатын талаптарына сәйкес келмейтіндігі анықталған жағдайда "Пысықтауды талап етеді" немесе "Қабылданбады" мәртебесі беріледі және Биржа мониторинг бөлімшесі немесе жаңалықтар бөлімшесі атынан Is2ip жүйесі арқылы немесе ақпарат берген рұқсаттама бастамашысын электрондық пошта арқылы ақпаратты Биржаға ұсыну үшін белгіленген мерзімдерде оны түзету және/немесе ауыстыру қажеттігі туралы хабардар етеді;
  - 4) тексеру аяқталғаннан кейін Ақпарат Биржа қызметкерлерінің кейіннен сақтауы және пайдалануы үшін Биржаның бэк-офисіне (Ақпарат түріне сәйкес келетін бөлімге) автоматты түрде беріледі;
  - 5) Тексеруден өткеннен және оған "Жариялауға жіберілді" деген мәртебе берілгеннен кейін Ақпарат Биржаның интернет-ресурсындағы эмитенттердің беттерінде, биржалық ақпаратты тарату ережелерін регламенттейтін, Биржаның ішкі құжатында белгіленген құрамда, көлемде және тәртіппен жарияланады.
11. Рұқсаттама бастамашыларынан Ережелермен белгіленген өзге де рұқсат етілген тәсілдермен алынған ақпарат тексеруден өткеннен кейін, Биржаның интернет-ресурсындағы эмитенттердің беттерінде, биржалық ақпаратты тарату регламенттейтін Биржаның ішкі құжатында белгіленген құрамда, көлемде және тәртіппен жарияланады.
12. Листингтің жеңілдетілген процедурасы бойынша Биржаның ресми тізіміне енгізілген бағалы қағаздар туралы және осы бағалы қағаздардың эмитенті туралы ақпаратқа қатысты Мониторингті жүзеге асыру кезінде мониторинг

**Бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашыларының ақпараттар ашуына  
мониторингті жүзеге асырудың тәртібі**

бөлімшесі ресми тізімінде осы бағалы қағаздар бар шетелдік қор биржасының интернет-ресурсы арқылы Ақпаратты тексереді.

13. Мониторинг нәтижелері тек Биржаның ішкі мақсаттары үшін қолданылады.

Биржа тоқсан сайын есептік тоқсаннан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға мониторинг нәтижелерін жібереді.

**3 бап.**

**Биржаның жауапкершілігін шектеу**

1. Ақпараттың толықтығы, дәлдігі, дұрыстығы, өзектілігі, сондай-ақ электрондық нұсқалардағы деректердің Биржаға ұсынылған түпнұсқаларымен сәйкестігі үшін рұқсаттама бастамашысы жауапты болады.
2. Биржаның ресми тізіміндегі бағалы қағаздар эмитенттерінің қызметі туралы ақпаратты, сондай-ақ Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес осындай бағалы қағаздар туралы ақпаратты Биржа ашуға ұмтылады, бірақ жауап бермейді:
  - 1) мұндай ақпараттың толықтығы, дәлдігі, сенімділігі және өзектілігі үшін, сондай-ақ оны Биржаға беруге міндетті адамдардың мұндай ақпаратты жасырғаны үшін;
  - 2) рұқсаттама бастамашысының инвесторларда эмитент және оның бағалы қағаздары туралы дұрыс емес түсінік қалыптасуы мүмкін толық емес, дәл емес, дұрыс емес және өзекті емес құжаттарды (ақпарат пен мәліметтерді) ұсынуы;
  - 3) рұқсаттама бастамашысының құжаттарды (ақпарат пен мәліметтерді) жасыруы;
  - 4) Биржаға рұқсаттама бастамашысы ақпаратты ашу жөніндегі талаптарды орындау шеңберінде ұсынған құжаттардағы (ақпараттағы, мәліметтердегі), өзінің дербес деректерін ашуға жазбаша келісім бермеген тұлғалардың дербес деректеріндегі, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпараттағы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе эмитенттің ішкі құжаттарына сәйкес көпшілікке таратуға жатпайтын өзге де ақпараттағы мазмұны.

**4 бап.**

**Тұжырымды қағидалар**

Осы Тәртіп қажеттілігіне қарай, бірақ осы Тәртіп қолданысқа енгізілген күннен бастап есептелетін әрбір үш жылда кемінде бір рет өзектілендіруге жатады.

Басқарма Төрайымы

А.Ө. Алдамберген